# Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№01 (31), қаңтар, 2012 жыл




# «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» АҚ ҰК БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ЛӘЗЗӘТ ҚИЫНОВ ҚАЛАМҚАС КЕНОРНЫНДА МҰНАЙШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

# ЛӘЗЗӘТ ҚИЫНОВ:
# «Бәрі де өзімізге байланысты»

## «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК басқарма төрағасы Қаламқас кенорнында мұнайшылармен кездесті

**- Адамдарға деген көзқарасты өзгерту керек, – деді «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК басқарма төрағасы «Маңғыстаумұнайгаз» басшылығымен кездесу сәтінде. 25 қаңтар күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас офисінде болған кездесу барысында Ләззәт Кетебайұлы барлық деңгейдегі басшыларға жұмысшылардың өтініш-тілектеріне неғұрлым зейінмен қарауға шақырды. – Алдыңа келген жұмысшыны тыңдай білу керек. Әрине, барлық мәселені бірден шешіп тастау мүмкін емес. Бірақ оны тыңдап, мән-жайды түсіндіруге әбден болады. Шешілетін мәселені бірден шешу керек. Бәрі де өзімізге байланысты.**

Ертеңіне Л. Қиынов Қаламқас және Қаражанбас кенорындарына жүріп кетті. Бұл екі кенорын да Қиыновқа таңсық емес: ол мұнда көп жыл қызмет істеді.

Осы сапар барысында ол сервистік мекемелер жұмысшыларымен сөйлесті, олардың сұрақтары мен тілектерін тыңдап, жауапсыз қалмайтынын айтты. Жұмысшылардың көпшілігін он үшінші жалақы мәселесі мазалайтыны байқалды.

– Барлық мәселені бір күнде шешіп тастау мүмкін емес, – деді Л.Қиынов. – Біз бұл мәселелерді білмейді емеспіз, білеміз.

Сондай-ақ Ләззәт Қиынов кенорынның тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерімен танысты. Ол бірнеше жатақхананы аралап, көрді. Салынып жатқан жаңа спорттық кешен құрылысында болды. Соңынан «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының орта буын басшыларымен және цех бастықтарымен кездесті.







- Шыны керек, жатақханалардың қазіргі жағдайы мәз емес екен, кейбірін жөндеу керек, бөлмелерде 3-4 адамнан тұрады. Алайда жөндеу жұмыстарын бастау үшін жатқханаларда тұратындарды көшіру керек. Бұл оңай шаруа емес. Қалай болғанда да қосымша жатақханалар әлі де салынады. Сервистік компаниялар жұмысшыларының 13 жалақы мен тарифтер жөнінде сұрақтары бар екен. Біз бұл мәселелер төңірегінде жұмыстанып жатырмыз. Автотехникаға байланысты мәселелер бар, ол ескірген, бұны да біз шешеміз, – деп атап айтты Л.К.Қиынов.

Сапар барысын қорытындылай келе, ол Қаламқас кенорнының 30 жылдан бері игеріліп келе жатқандығын, сондықтан оның құрал-жабдықтарын жаңалау (модернизациялау) қажет екенін, тұрғын және өндіріс объектілерін жөндеу қажет екенін, тағы да жатақхана салу керек екендігін айтып, оған «ҚазМұнайГаз» компаниясының атсалысатынына назар аударды.

Осындай кездесу Қаражанбас кенорнында да болды.

# ТАҢДАУ ЖАСАЛДЫ!

**Мыңдаған маңғыстаулықтар республикамыздың одан әрі даму жолдарын анықтауға белсенді қатысқан күні – 15 қаңтардың басты нәтижесі болып табылған облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттарға сайлау өтті. Естерімізге түсірсек, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бірден төрт жұмысшысы бас директоры Әсет Мағауовтың басшылығымен өз кандидатураларын ұсынды, және олардың барлығы сәттілікпен депутаттыққа өтті!**

Дауыс беруден бұрын үгіт кампаниясы болды, ол кезде әр депутаттыққа үміткер сайлаушылармен кездесуге, көкейтесті мәселелерді шешудің өз жолдарын көрсетуге, осы кездесулерде облыс тұрғындарының сенімділігіне жетуге мүмкіндік алды.

№ 11 сайлау округы бойынша Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаттығына үміткер, «Нұр Отан» ХДП мүшесі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Әсет Мағауов кампания барысында өз сайлаушыларымен – Жетібай кенті және Қызылтөбе-2 тұрғын үй алабының тұрғындарымен – бірнеше рет кездесті. Адамдармен тілдесу кезінде Әсет Маратұлы олардың өтініштері мен тілектерін ентелей тыңдап, депутаттыққа сайланбаған жағдайда да сайлауалды бағдарламада көрсетілген міндеттерді орындауға уәде берді.

Бұл кездесулер тегін өткен жоқ. Сайлауалды жарыста А.М.Мағауов өзінің жалғыз оппонентіне еш бір мүмкіндік қалдырмай, дауыстардың 88 пайызын жинап алды. Халықтың жаңа таңдаулысын сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында үлкен істер күтуде. Осы істер әр маңғыстаулықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға міндетті түрде ықпал етеді, себебі депутаттың бағдарламасы нақты істер партиясы – «Нұр Отан» партиясының тұғырнамасында белгіленген міндеттерге сәйкес жасақталған.

- Маған артылған сенімдері үшін өзімнің барлық сайлаушыларыма алғысымды білдіремін, - дейді Әсет Мағауов. – Барлық қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін өзімнің бар күшімді, білімімді және тәжірибемді салатынымды Маңғыстау облысының тұрғыдарын сендіргім келеді. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне әрдайым назар аударуда. Қазір де, депутаттық мандат алғаннан кейін, аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің шешілуі, тұрғындарды бірінші кезекте толқытып жүрген проблемалар мен мәселелердің шешілуі жаңа сапалық деңгейге шығатындарына сенімім мол.

Сайлаудың нәтижелері № 24 сайлау округы бойынша облыстық мәслихаттың депутаттығына сайланған «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы, Нұр Отан» ХДП мүшесі Сәрсенбай Нұрпейіс үшін де табысты болды.

Облыстық мәслихаттың және бір депутаты болып (№25 сайлау округы бойынша) «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қауіпсіздік қызметінің аға инспекторы Аткощы Кетебаев сайланды.

ТОО «АктауНефтеСервис» бас директоры Абай Куванов та облыстық мәслихаттың депутаттығына сәтті өткендігін атап кетуіміз керек.

Ал «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы Болат Сейтмағанбетов Қарақия аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды.

Әріптестерімізді сайлауда жеткен жеңістерімен құттықтаймыз!

## БІР ЖОЛҒЫ (БІР РЕТТІК) ТӨЛЕМ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚ

1. Зейнеткерлік жасқа жетіп, (зейнеткерлікке шығуына байланысты) тараптар келісімі бойынша еңбек қатынастарын бұзған Қоғам қызметкерлеріне зейнеткерлік жасқа толған кезден бастап үш ай ішінде қызметкердің алты айлық жалақысы мөлшерінде бір мезгілдік бір жолғы төлем берілсін.

Зейнеткерлік жасқа жетіп, еңбек қатынастарын зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін үш айдан астам уақытқа жалғастырған Қоғам қызметкерлеріне алты айлық жалақысы мөлшерінде бір мезгілдік бір жолғы төлем берілмесін.

2. Зейнеткерлік жасына бір жылдан астам уақыт қалған кезде (зейнеткерлік жасына дейін кемінде үш жылға дейін) тараптар келісімі бойынша (өз қалауы бойынша) еңбек қатынастарын бұзған Қоғам қызметкерлеріне он екі айлық жалақысы мөлшерінде бір мезгілдік бір жолғы төлем берілсін.

3. Зейнеткерлік жасына бір жылға дейін уақыт қалған кезде тараптар келісімі бойынша (өз қалауы бойынша) еңбек қатынастарын бұзған Қоғам қызметкерлеріне алты айлық жалақысы мөлшерінде бір мезгілдік бір жолғы төлем берілсін.

4. Осы бұйрық 2012 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

## ПРИКАЗ О ЕДИНОВРЕМЕННЫХ (РАЗОВЫХ) ВЫПЛАТАХ

1. Работникам Общества, при достижении пенсионного возраста и расторжении трудовых отношений по соглашению сторон (в связи с выходом на пенсию), в течение трех месяцев с момента достижения работником пенсионного возраста производить единовременную разовую выплату в размере шести месячных окладов работника.

При достижении работником Общества пенсионного возраста и продолжении его трудовых отношений на период более трех месяцев с момента достижения работником пенсионного возраста, разовые выплаты в размере шести месячных окладов не производить.

2. Работникам Общества, которым осталось до достижения пенсионного возраста более года (но не более трёх лет до достижения пенсионного возраста) и расторгнувшим (по их желанию) трудовые отношения по соглашению сторон, производить единовременную разовую выплату в размере двенадцати месячных окладов работника.

3. Работникам Общества, которым осталось до достижения пенсионного возраста менее года и расторгнувшим (по их желанию) трудовые отношения по соглашению сторон, производить единовременную разовую выплату в размере шести месячных окладов работника.

4. Настоящий Приказ вступает в силу с 01 января 2012 года.

**Правление АО «Мангистаумунайгаз»**

# ИТОГИ ПОДВЕДЕНЫ. ПРИОРИТЕТЫ РАССТАВЛЕНЫ

## РУКОВОДСТВО АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ» ПОДВЕЛО ИТОГИ РАБОТЫ ЗА 2011 ГОД



**25 января итоги работы за минувший год подвело руководство компании. В отчетной встрече, состоявшейся в головном офисе АО «Мангистаумунайгаз» приняли участие Генеральный директор, его заместители, руководители производственных управлений «Каламкасмунайгаз» и «Жетыбаймунайгаз», директора департаментов. Докладчики рассказали об успехах, достижениях и проблемных вопросах подведомственных им подразделений. Открывал совещание Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Асет Магаузов.**

Асет Магаузов отметил, что, несмотря на трудности и испытания, которые выпали на долю предприятия в 2011 году (постоянные отключения электроэнергии, социальная напряженность и волнения в регионе) коллектив АО «Мангистаумунайгаз» достойно справился со своей задачей.

- Все испытания мы прошли, и это большое дело, - подчеркнул А.М.Магаузов. – Я хотел бы особо отметить ответственность и единство нашего коллектива. Слаженную работу АО «Мангистаумунайгаз» высоко оценили и на полугодовом совещании Национальной компании «КазМунайГаз». Нас поставили в пример другим нефтяным компаниям. Это не пустые слова. Это факты, с которыми трудно спорить. Так, после отключения электроэнергии в августе и октябре, отклонение от плана добычи нефти составило 41,5 тыс. тонн. Упала суточная норма добычи. Но благодаря слаженной работе нашего коллектива, уже через 12 часов, мы восстановили суточную норму добычи, а к декабрю сократили отставание от годового плана добычи нефти до 20 тыс. тонн.

Генеральный директор отметил, что главное условие для дальнейшего устойчивого развития вперед – это сплоченность коллектива, консолидация сил всех и каждого.

- Основная задача всего коллектива на 2012 год – это обеспечение бесперебойной и стабильной добычи нефти на уровне 5 млн. 900 тыс. тонн, - сказал Асет Магаузов. – Я считаю, что это реальная и посильная задача. Нам необходимо обеспечить безопасность работников на производстве, социальную стабильность, усовершенствовать систему планирования и реализации ГТМ, внедрять инновации и производить техническое перевооружение и др. Имея целеустремленность и единство в коллективе нам под силу решение любых задач!

Директор департамента геологии и разработки месторождений Чэнь Цюань отметил, что 2011 году геолого-технические мероприятия были проведены на 304 скважинах, вместо запланированных 311. Основной причиной не выполнения плана является уменьшение количества ввода скважин из бездействующего фонда ПУ «Жетыбаймунайгаз». Вместо запланированных 40 скважин, выведены из б/д 18 скважин.

- В свою очередь на месторождении Каламкас в 2011 году впервые было внедрено бурение скважин с боковым горизонтальным стволом (ББГС), - сказал Чэнь Цюань. – Дополнительная добыча по 18 скважинам составила 88 978 тонн, среднесуточный дебит нефти после ББГС на 1 скважину составляет 24,3 тонн в сутки.

По словам директора производственного департамента Женисбека Сагындыкова, одним из основных успехов 2011 года можно назвать увеличение среднесуточной добычи со скважин введенных после бурения. Если в 2009 году, фактическая дополнительная добыча нефти на одну скважину после бурения составляла в среднем 9,8 тонн, в 2010 году удалось увеличить ее до 14,1 тонны, то в 2011 году этот показатель достиг отметки в 16,3 тонны. Кроме того, в 2011 году, благодаря слаженной работе специалистов производственного департамента удалось добиться увеличения межремонтного периода скважин работающих ШГН с 200,5 суток в 2010 году до 242,3 суток.

- В минувшем году производилась оптимизация режимов работы добывающих скважин на 244 скважинах и добыча нефти по ним составила 26 944 тонны, - сказал Ж. Сагындыков. – Необходимо отметить, что подбор скважин для оптимизации режимов работы насосов в последнее время осложнился и, следовательно, произошло сокращение количества оптимизированных скважин на 58%. Но стоит отметить, что при запланированной восстановленной добыче нефти от оптимизации в 5 995 тонн, нам удалось получить восстановленную добычу нефти в 26 994 тонны.

Как отметил, руководитель департамента в 2012 году будут продолжены работы по внедрению новой техники и технологий. В частности, в связи с высокой эффективностью было принято решение о бурении в 2012 году 29 горизонтальных скважин. Планируется внедрить систему мониторинга и управления транспортом на основе технологий GPS на 156 единиц автотранспорта и специальной техники. Для подбора наиболее оптимального оборудования по добыче нефти, на месторождении Каламкас начинаются опытно-промысловые испытания по эксплуатации 15 комплектов винтовых насосов нового типа. Для увеличения межремонтного периода работы скважин планируется проведение испытаний трех станков-качалок с комбинированным электромагнитным приводом.

Начальник ПУ «Каламкасмунайгаз» Сарсенбай Нурпейис, подводя итоги, отметил, что в 2011 году из продуктивных горизонтов было добыто 4 201 700 тонн нефти, что на 31 000 меньше установленного плана. Причиной срывов выполнения плана явились отключения электроэнергии со стороны ТОО «МАЭК-Казатомпром» в период с 17.08.2011 по 19.08.2011 и с 12.10.2011 по 13.10.2011.

- Нестабильность электроснабжения со стороны ТОО «МАЭК-Казатомпром», АО «МРЭК», ТОО «МЭМ», частые аварийные отключения из-за отсутствия поставок газа, различных отказов электрооборудования, в конечном итоге отрицательно сказались на выполнении плановых показателей по добыче и сдаче нефти, - подчеркнул С. Нурпейис. – Тем не менее, в 2011 году было проведено немало и успешных работ. В частности, приведены в соответствие с требованиями техники безопасности групповые установки с заменой технологической обвязки, построены 10 новых операторных, здания для слесарей, капитально отремонтированы четыре общежития и др.

Сарсенбай Нурпейис отметил, что в 2012 году нефтяники ПУ «Каламкасмунайгаз» приложат все усилия, чтобы достойно выполнить поставленные задачи.

В свою очередь начальник ПУ «Жетыбаймунайгаз» Болат Сейтмаганбетов, отметил, что в минувшем году работниками управления добыто 1 548 300 тонн нефти, что на 11 000 тонн превышает план. В 2011 году на месторождениях Алатюбе, Атамбай-Сартюбе, Ащиагар проведены сейсморазведочные работы 3Д для детального изучения геологического строения месторождения. На месторождениях Бурмаша и Айрантакыр пробурены эксплуатационные скважины с целью уточнения строения залежей и отбора керна продуктивных отложений. Солянокислотная обработка проведена на 7 скважинах, получена дополнительная добыча нефти в объеме 1240 тонн.

В 2012 году планируется проведение сейсморазведочных работ 3Д на месторождении Айрантакыр. Кроме того, на малых месторождениях намечается бурение 11 эксплуатационных, четырех оценочных и четырех горизонтальных скважин, также планируется проведение кислотного гидроразрыва пласта на восьми скважинах.

Естественно для достижения высоких производственных показателей, необходимо создание достойных социальных условий. В минувшем году сумма выплат социального характера, превысила 1 млрд. 350 млн. тенге.

По словам заместителя Генерального директора по социальным и административным вопросам Аскара Рзаханова, в 2011 году была оказана помощь 184 юбилярам – работникам АО «Мангистаумунайгаз», достигшим возраста 50,55 и 60 лет на общую сумму свыше 11 млн. тенге. На 22 млн. тенге оказана помощь в связи с рождением в семье ребенка. 10 млн. тенге компания выделила в помощь новобрачным. Воспитывающим ребенка-инвалида АО «Мангистаумунайгаз» оказал материальную помощь в размере 4 млн. тенге. В связи со смертью работников и близких родственников было выплачено более 18 млн. тенге.

Минувший год прошел под знаком 50-летия Мангистауской нефти. В рамках празднования юбилея была организована масштабная культурно-развлекательная и спортивная программа на месторождениях Каламкас, Жетыбай и в городе Актау.

Одним из основных приоритетов социальной политики АО «Мангистаумунайгаз» по-прежнему остается поддержка уязвимых слоев населения – детей и пенсионеров.

В 2011 году 1610 детей работников компании отдохнули в оздоровительных центрах Казахстана, а также на побережье Черного моря. В целях социальной поддержки семей работников Общества была оказана благотворительная помощь детям, обучающимся в общеобразовательных школах, по 10 000 тенге каждому ребёнку к началу нового учебного года для приобретения школьных принадлежностей. Эта помощь оказана 4 200 детям работников Общества на общую сумму 42 млн. тенге.

Забота о вышедших на пенсию сотрудниках компании составляет важную часть внутрикорпоративных программ. На сегодняшний день на учёте Общества состоят 1300 неработающих пенсионеров. В истекшем году на помощь и поддержку пенсионеров были направлены денежные средства в размере 156 млн. тенге. В том числе на 29 млн. тенге оказана адресная помощь участникам, инвалидам и ветеранам ВОВ и лицам, приравненным к ним, и на 127 млн. тенге – адресная помощь пенсионерам Общества.

Значительные средства в минувшем году были выделены и на развитие социальной инфраструктуры. В частности за счет средств компании в размере более 500 млн. тенге отремонтирован участков автодороги Актау – Каламкас протяженностью 26 км. 78 млн. тенге АО «Мангистаумунайгаз» вложил в строительство Школы искусств в поселке Жетыбай, которая уже успешно функционирует. Уже построен и практически готов к сдаче в эксплуатацию еще один важный социальный объект в поселке Жетыбай – физкультурно-оздоровительный комплекс.

В минувшем году для создания комфортных жилищных условий, в вахтовом поселке Каламкас капитально отремонтированы 4 общежития, а также начато строительство двух новых общежитий по 25 койко-мест, на сегодняшний день уже залит фундамент, монтируются стены зданий.

В 2012 году наша компания продолжит реализацию своих социальных программ. В общей сложности на оказание спонсорской и материальной помощи, проведение спортивных и культурно-массовых мероприятий планируется затратить 932 млн. тенге. Будет продолжен ремонт автодороги Актау-Каламкас на это предусмотрено 100 млн. тенге.

Также 100 млн. тенге планируется направить на капитальный ремонт ДОЦ «Алау».

Кроме того, в текущем году планируется завершить строительство спортивно-досугового комплекса на месторождении Каламкас. На месторождении Каламкас в районе старого вахтового поселка взамен существующей столовой на 75 посадочных мест, будет построена новая столовая на 250 мест с общежитием на 50 койко-мест. На месторождении Жетыбай в 2012 году в районе ЦДНГ-2 также вместо старой столовой планируется строительство новой столовой на 250 посадочных мест и общежитие на 50 мест. Еще одна столовая на 75 мест будет построена на базе БМТС в Актау.

Воплощение в жизнь всех этих планов становится возможным также и благодаря эффективной работе коммерческого блока АО «Мангистаумунайгаз», специалисты которого собственно и занимаются вопросами сбыта нефти. По словам заместителя Генерального директора по коммерческим вопросам Бакытжана Утегалиева, в 2011 году были определены поставки по реализации сырой нефти в объеме 5 703,00 тыс. тонн. Львиная доля нефти отправляется на экспорт, на внутренний рынок Республики Казахстан направляется порядка 638 тыс. тонн. Также Б. Утегалиев отметил, что в 2011 году АО «Мангистаумунайгаз» заключил договора с отечественными товаропроизводителями на сумму 8 226 млн. тенге. Доля казахстанского содержания составила 5 633 млн. тенге (68%).

В области промышленной безопасности и охраны труда в минувшем году, были выполнены мероприятия, направленные на недопущение нарушений технологической дисциплины и регламентов работ, разработан план по улучшению условий труда на Общества.

По словам директора департамента техники безопасности, охраны труда и охраны окружающей среды Сулеймена Мишелова, произведена инвентаризация производственных объектов, составлены мероприятия по приведению оборудования в соответствие с требованиями промышленной безопасности. Кроме того, путем внедрения новейших технологий, оборудования и материалов уменьшены фактические объемы эмиссий в окружающую среду, внедрена компьютерная программа по учету и движению отходов производства и потребления.

В деятельности АО «Мангистаумунайгаз» есть вопросы, решение которых помогает развитию компании в целом. Среди них, безусловно, вопросы юридического обеспечения.

Как отметила, директор департамента правового обеспечения и корпоративного управления Роза Искакова, в 2011 году подготовлены 99 протокольных решений Правления по 130 вопросам деятельности Общества. Также в минувшем году работниками департамента было рассмотрено свыше 1500 проектов договоров и иных соглашений, заключено и зарегистрировано около 1300 договоров, меморандумов. Стоит отметить, высокую степень эффективности претензионно-исковой работы, которая ведется отделом разрешения споров.

Подвел итоги встречи первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» Сунь Синъюнь.

- У нас огромные достижения за минувший год, и я хочу поблагодарить всех работников компании за проделанную работу, - отметил Сунь Синъюнь. – У компании создан хороший общественный образ. Сегодня многие хотят работать в АО «Мангистаумунайгаз». Улучшилось взаимопонимание и доверие между работниками. Нас ставят в пример другим компаниям, и это очень хорошо. Тем не менее, нам необходимо улучшить организацию работ по бурению скважин, надо продолжать исследование и анализ залежей на месторождениях. Также надо составить программу по внедрению инноваций, необходимо снизить себестоимость наших работ, а также необходимо обратить внимание на улучшение безопасности производства. В свою очередь мы будем улучшать условия труда для наших работников и другие социальные условия. В 2012 году перед нами стоят еще более амбициозные планы, и я верю, что общими усилиями мы сможем справиться с выполнением любых задач!

В заключение ряду работников АО «Мангистаумунайгаз» были вручены благодарственные грамоты от НДП «Нур Отан» за активное участие в выборах депутатов.

# Бәрі де өзіміздің балалар!

*(Нұрсұлтан Әбішұлының сөзінен)*



**Сайын Назарбекұлы**

*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,*
*Қазақстан Жазушылар,*
*Сәулетшілер одақтарының мүшесі,*
*Абай, Махамбет аудандарының құрметті азаматы*

Айдың күні аманында 20 жылғы еңбегінің жемісін тойламақ болып алаңға жиналған жаңаөзендіктердің басына кенеттен қара бұлт үйрілді. Бауырлар, қандастар, отандастар бір-біріне тас атты, оқ атты, соққыға жықты. Оннан астам адам офат болды.

Не дейміз?

Ендігі қолымыздан келері қазалы болған шаңырақтарға көңіл айту, Алла тағаладан қаза болғандарға бұ тірлікте біліп, білмей істеген күнәлары мен кемшіліктеріне кешірім сұрау ғана...

Біздің жас жетпістен асты. Жан бар жерде қаза бар, осы жылдар ішінде талай уақиғаға кездескенбіз. Алматыда автобус поезға жол бермей, жайрап қалған жиырмадан астам өлікті көзіміз көріп, жанымыз ауырған. Өзен мен Жетібай ортасында екі машина соғысып он шақты кісінің мерт болғанынының үстінен шыққанбыз. Бірақ мына қаза біздің жанымызды түршіктірді. Бұл уақиға тек қана жанды қинап қоймай, бізді рухани азапқа түсіріп кетті...

...Отаны бір, мақсаты бір, қаны бір бауырлар бір-біріне тас атыпты, қару жұмсапты. Өз шаңырақтарына өздері от қойыпты. Бәрін қазақтар істепті...

Осы бейбастақтықты ұйымдастырғандар өздерінше мақсатына жеткендей болып жатырған болар, олар жазасын Жаратқаннан ала жатар.

Біздер ел тіршілігіне оралалық...

Қазақ халқында кемеңгерлігі елді ел еткен ел басшылары, жаратылысынан ұлы боп жаратылып ұлылығы ұлықталған ұлы тұлғалар, білімі мен білігі мойындалған данышпандар жетерлік. Ұлы Жаратушы бұндай тұлғаларды әр ұлтқа кезегі келгенде жіберіп тұратын секілді.

Қазіргі қазақ халқының еншісіне тиген, біздің заманымызға сәйкес келген осындай бір топ тұлғалардың басында дара тұрғаны – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екені даусыз.

Нұрсұлтан Әбішұлының беделді саясаткерлігі, көрнекті қайраткерлігі арқасында еліміз қиын кезеңдерден аман-есен өтіп қана қойған жоқ, үдемелі қарқын алып өркендей түсуде.

Бейбіт өмірге бой үйреніп қалған.

Жауымыз жоқ деп ойлайтынбыз. «Жау жоқ деме – жар астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында» дегендей, жау бар болып шықты.

Жаңаөзен уақиғасы тентектік әсерінен болған басбұзарлық емес. Бұл шаруа ұзақ дайындалып, әбден пісіріп барып қолға алған еліміздің жауларының қастандық жұмысының қорытындысы болса керек.

Жаңаөзен уақиғасы қалаға біраз материалдық шығындар келтіріп, баршамызға біраз моральдық күйзеліс туғыза алды.

Бірақ дұшпандардың ойлағаны болмады.

Елімді ел қылам деген Қазақстан азаматтары Қазақ Байтағының түкпір-түкпірінен халықты бірлік-берекеге шақыруда болды. Бұл уақиға халық басын біріктіре түсті.

Солтүстік Қазақстанның егіншілері, Қарағандының көміршілері, Теміртаудың темiршілері, спортшылар мен артистер, теңізшілер мен теміржолшылар, студенттер мен оқушылар, аталар мен аналар – бәрі, бәрі бәр ауыздан елімізге бірлік қажет екенін, бейбіт еңбек қажет екенін бір кісідей боп, сезімдерін жан-жүрегінен суыра айтып жатты.

Бұ хабар маған да ерекше ауыр соқты. Солай болуға да тиісті еді.

Жаңаөзен қаласы мен үшін тым ыстық, тым сүйікті мекен.

1962-64 жылдары осы жерде жүргізуші болып қызмет атқардым. Ол кезде Ескіөзен деген атау да, Жаңаөзен деген қала да жоқ болатын. Қызылсай аталатын жаңбыр қарғыны жүрер сайдың оңтүстік бетінен тереңдігі бір метр жер қазып, оны биіктігі бір метр қотыр таспен биіктетіп қалап, алғашқы жертөле қоржын үйлерге кіріп тойлап, қуанышқа бөленіп жататын кезіміз еді.

1962 жылы «Өзенмұнайгаз барлау экспедициясы» атты жаңа мекеме құрылды да, бастығы Үсенов Дүйсен аға (жаны жәннәтта болғыр) мені ГАЗ-69 машинасының жүргізушісі етіп алды. Халила Махамбетов экспедицияның бас геологы болатын. Халила да, Дүйсен аға да нағыз өз жұмыстарына берілген мамандар еді.

Сол жылы Халила Махамбетов құрылысшыларға болашақ қала салынатын жерде бірінші кезекте салынуға тиіс алғашқы алты жатақхананың орнын көрсеткен кезде (қазіргі Жаңаөзен) мен қолыма балға алып болашақ іргетас бұрыштарына қазық қаққан адам едім. Салқындау, желкем күн болатын. Қолымды тоңдыра жүріп болашақ іргетастар орнына қазық қаққанда сол жұмысымның өзімнің болашақта мақтанышыма айналатынын кім білген.

Содан бері елу жылдай уақыт өтіпті!

Маған деген тағдыр сыйлығы болар, Алматыда Шаһмардан Есенов ағаның (саяжайда) көршісі болдым.

Жаңаөзен өндірісі, Маңғыстау мұнайы туралы біраз әңгімелер айтатын.

Шәкең Түркменстандағы қазақ мұнайшыларымен келіссөз жүргізіп, оларды өкімет қаржысымен көшіріп алғалы жатқанда Москва бұл іске қарсы болыпты. Шәкеңді Москва шақырып алып оған Түркменстаннан бір қазақ мұнайшы алатын болсаң партбилетті тапсырасың деген шарт қойыпты.

Содан барып Москва шешімімен Маңғыстауға Баку мұнайшыларын, Кавказ халқын қаптатыпты. Соның қырсығынан Түркменстандағы қазақтар мемлекеттің көмегінсіз жаяу-жалпы Маңғыстауға өздері қоныс аударған болатын. Шағадамға, Алтыншыға, Бекдашыға барып өзіміз де біраз үйлерді көшірісіп келген едік.

Мен құрылысшы маман ретінде 1975-80 жылдар арасында Жаңаөзен қаласының РСУ «Мангышлакнефть» мекемесінде жұмыс жасап, іргетасы отырып кеткен 29 үйдің фундаментін көтерген инженер едім. Жаңаөзен қаласында 2009-10 жылдары «Даңқ» аллеясын салып шыққан сәулетшімін. Сол аллеяда Маңғыстау мұнайшылары мен тарихи тұлғалар аттары гранит тасқа қашалып жазылды.

Біз бұларды не үшін еске түсіріп отырмыз. Себебі қазіргі Жаңаөзен қаласының, жаңаөзендіктердің тағдыры мен үшін өгей тақырып емес. Жаңаөзен менің өмірім. Әке-шешем ұзақ жылдар сол жерде тұрып, мәңгі мекеніне сол жерден аттанды. Өзім шаңырағымды да осы жерде көтердім. Барлық бауырларым да Жаңаөзенде тұрды. Содан да болар Жаңаөзен туралы қуанышты хабар естігенде жүрегіміз қалай дүр етсе, жағымсыз хабарға солай дір ете қалады.

Бұл жолғы Жаңаөзен туралы хабар бізді қатты шошындырды. Тек қана бір жұбаныш - бейбастықтыққа негізгі мұнайшылар жазықты емес екен. Оған сол жерде тұратын ағайындармен сөйлесе келе көзіміз анық жетті.

Бірақ біздің әртүрлі еңбек тәртібін бұзуға құмарларға, заңға қарсы талаптар қойып, ереуілшіл болып алған мұнайшыларға айтар өкпеміз де бар.

Қалайша сіздің балаларыңыз, біздің мектептерде тәрбие алған білімді жастарымыз ата-анасының, мекеме басшыларының сөзінен елімізге жаулық әрекет жасауға бағыт алған жау кісінің азғыруын артық көреді?

Қалайша өз Отанының еңбеккор ұлдары бір жат пиғылды әйелдің арбауына түсіп, әлі күнге қате пікірден арыла алмай келеді?

Қалайша өз аналарының, өз әкелерінің қолымен, маңдай терімен тұрғызған қаласы мен өндірісін жат талапайына қия алады?

Аға да айтып көрді, әке де айтып көрді. Бірақ дау шешімі ұзақ уақыт табылмады. Осындай өкпені біз өкімет басшыларына да айтамыз...

Бұл мәселемен ел басқарып отырған жоғары лауазымды басшылардың бәрі де айналысты. Олардың қолдарында заңы мен ережесі, қаржысы мен билігі бар адамдар еді. Зор билік иелері болатын. Бірақ бұны шешілмейтін мәселеге айналдырып, бетін жылы жауып, жұрт назарынан жасыра салды. Шешімін дұрыс іздемегендіктен жеті ай бойы сағыздай шайналған сәл нәрсе, ақыры ел дұшпандарының өз пайдасына пайдаланып кетуіне соқтырды.

Жаңаөзен уақиғасына ереуілші мұнайшылардың қаншалықты күнәсі болса біз өкімет басшылары мен мұнай өндірісін басқаратындардың күнәсі екі есе артық дегіміз келеді.

Осы мәселеде мұнайшылар мен мұнай өндірісі басшыларының арасындағы, басшы мен бағыныштының арасындағы даудың шешімі жоқ мәселе секілді болып көріне бастап еді...

Дегенмен, шешімі бар болып шықты...

Ол шешімді Елбасымыз айтты...

Нұрекең бабаларымыздың «біреу сені таспен ұрса, сен оны аспен ұр» қағидасын пайдалануды ұсынды.

Нұрекең оларға ереуілші деп қарама, оларды өзіңдей адам, еңбеккор жан деп қара деді.

Бұл ұзаққа созылған даудың түйткілі – адамға адам деп қарамаудан тұтанатын, түсінбейтіндерге түсінік айтпаудан, тентектерге кешірім көрсетпеуден туындайтын түйткіл екен. Қате қадам басқан жастарды ағалық қамқорлық, әкелік мейірімнен құр қалдырудан туындайтын өкпе...

Біз бұны Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының аузынан шыққан бір сөйлемнен кейін барып түсіндік.

Нұрекең қаланы өртеп, тәртіп сақшыларын соққыға жығып, амалсыз өздеріне қарсы қару қолдануға мәжбүр еткен тентектер қылығына ренжи отырып: «Қайтеміз енді, болар іс болды. Бірақ олар да өзіміздің балалар ғой. Олар да қазақ баласы!» деді...

Қазақ болмысынан нәр алып, қазақ кеңшілігін бойына сіңіріп өскен жанның, Елбасы атанып, сол қасиеттерімен ел билер жанның осындай кезеңде баршаға бағытталған сөзі болса осындай-ақ болар...

Аталарымыз «қарғайын десем жалғызымсың, қарғамайын десем қу жалмауызымсың» дегенде осындай жағдайға душар болып, бастан кешкесін айтпады деймісің...

Адамдар қандай теріс қылық көрсетіп басбұзарлық қылықтарға барса да «олардың өзіміздің адамдар» екенін ұмытпауымыз керек екен. Біз Нұрекеңнің сөзінен соны ұқтық. Заң қызметкерлері де солай ұқса дейміз.

Мойындағанымыз дұрыс болар, біздер, аға буын, осы ұзаққа созылған дау кезінде парасаттық сезімдерді басшылыққа алу орнына, еңбек заңының тармақтарын көбірек басшылыққа алыппыз. Ақыры осындай уақиғаға ұрындық.

Жүздеген адамдардың сол күнгі іс-әрекеті тексеріліп жатыр. Бәрі бірдей жазықты ма?.. «Біреу қыз алып қашады, біреу қызығына қашады!» депті данышпан аталарымыз. Жаңаөзен жастары «Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады-ның» кейпін киіп қалды. Жаңаөзен уақиғасы нақ осы мәтелдердегі қазақ данышпандығымен бейнеленеді. Ұйымдастырушылар жастарды еліктіріп әкеліп аранға жықты да, өздері тайып тұрды. Шетте жатқан Шетпеден бір-ақ шықты.

Бірақ көңілге медеу бір нәрсе, ол Елбасымыз айтқан: «Бәрі де өзіміздің балалар!». Мүмкін осы бір ауыз сөз сол жастардың ендігі тағдырына, ендігі өміріне ықпалын тигізер. Балалар қамқор атаның сезімін бойына сіңірер. Ендігі жерде қате қадам баспас.

Мүмкін осы бір ауыз сөз тергеу орындарының қызметкерлеріне тезірек жұмысын аяқтап үйіне қайтуды мақсат тұттырмай, айран ішкендер мен шелек жалағандар арасын дәл ажыратуға көмектесер ...

Бұл мәселенің күрделілігі соншалық, Елбасы 22 желтоқсан күні Маңғыстауға ұшып келді. Мақсаты бір жылға жуық созылған бұл мәселенің түйілген тұсын табу, түйінін шешу екен. Елбасы түйткілді де тапты. Түйінді де шешті. Оның барлығы бір ауыз сөзге сыйғызылды.

Облыс адамдарымен кездесуде, жоғарыда айтып өткендей, Елбасы: «Қайтеміз, болар іс болды. Бірақ олар да өзіміздің балалар ғой. Олар да қазақ баласы», – деген болатын.

Біршама ұзаққа созылған осы даудың шешім таппауы біздің Жаңаөзен мұнайындағы білікті азаматтарымыздың мінезінде осы сезім мен осы бауырмалдықтың кем соғып жатқанынан болған секілді.

Бес жыл институтта оқып, отыз жыл мұнай өндірісінде өмір тәжірибесін жинақтаған маманның өмірге деген, өндіріске деген пайымын 20 жастағы жас бала қайдан біле қойсын.

Жастар өздерінің қасында жүріп жылы сөйлеген кісінің, өзін адам санаған кісінің ойын бойына сіңіреді. Сол арқылы өмірге өз көзқарасын қалыптастырады. Міне біздің қатеміз, осыны іске асыра алмағанымызда, жастарға қажет кезде (барлық уақытта да) аға бола алмағандығымызда жатқан секілді.

Қазағымыз «Бір тентек ел ішінде жүрмей ме екен?» – деп аталарымыз кешірім бергендей, Нұрсұлтан Әбішұлы «олар да өзіміздің балалар емес пе!» дегендей сезіммен қарағанда ғана, адам мен адам арасындағы түсініспеушілік, бастық пен бағыныштының арасындағы кикілжің шешімі жеңілдей түспек. Сонда ғана әкенің бала алдындағы, бастықтың бағыныштыалдындағы беделі өсе түспек. Елбасының әлгі сөзі біздерді ойлануға итермелейді.

Ойланып қарасақ мемлекет тарапынан да, Жаңаөзендегі біліктілер тарапынан да, аға буын тарапынан да кемшіліктер кеткен секілді.

Сонда біз қай жерде, қандай түрде кемшілік жібердік?

Өмір – күрес. Біз егемендік алған күннен бастап, басымызды ноқтадан босатқанмен, миымызды күрестен босатуға тиісті емес екенбіз. Жоғарғы биліктен дәмелілер біздерді алдап-сулап байып алды да, билік тізгініне жармасты. Сол армандарын жүзеге асырмақ болып әлі жанталас үстінде. Олар біздердің ойымыз бен ақылымыздың осал тұсына, жігеріміз бен отансүйгіштік сезіміміздің жіңішкерген жеріне мықтап жармасады. Айтақталуға жарайтындарды айтақтайды. Сойыл соғуға құмарларға сойыл соқтырады.

Егемендік алып ел болдық. Егемендік алып келген бостандық, демократия деген ұғымдарды әркім әртүрлі пайдаланып, біразы берекені кетіре бастады. Олар демократия ұғымын елімізге қарсы пайдаланады. Қолдарында газет, журнал, теле, радио құралдары барлар барды жоққа айналдыра, жоқты барға айналдыра желсөз айқайға кірісті. Көкірегіне қызғаныш пен жалқаулық орнағандар, айтақшының айқайына ерді. Еркін сезініп елеурегені сонша – елге де, ел басшыларына тіл тигізіп жатты. Бірі қазақ халқы жеке ел бола алмайды десе, екіншісі қазақтың тілі қойшының тілі деп кемітті. Өкінішті бір нәрсе: алғашқы кезде оларға қой деп айтар заң да болмады, адам да болмады. Енді заң есін жинап, адам етегін қымтап, тәртіпсізге қой дейтіндей жобаға жеткен кезде олардың біразы өз елінде тұра алмай жат құшағынан жылы орын тапты.

Сол абыройсыздардың бір тобы іштей де, сырттай да қазақ еліне жаулық жасауда. Олар жат жерде жүріп те, бірге өмір сүре жүріп те қолдарынан келгенше қазақ абыройына кір жұқтырумен келеді. Сол абыройсыздардың бірі кешегі Жаңаөзен уақиғасын ұйымдастырса, енді бірі өз елінде жүріп, әйел басымен (қазақ әйелі) тыр жалаңаш шешініп теледидарға түсіп, бар қазақ баласының абыройын төкті. «Жел көтермесе қол көтермеген» деп мақтанатын нағыз қазақи тәрбие алған аналар сезіміне, қыздар мақтанышына күл сепкендей әсер етті.

Демократия берген еркіндікті пайдаланып біраз қазақстандықтар аузына не түссе соны айтатын болып алды. «Қой дер қожа, әй дер ажа» болмады. Соларды көрген жай халық ішіндегі жалғыз-жарым пенделер бұзақы қылық пен бұру сөздің дәмдеріне үйрене бастады. Жастар, әсіресе өтпелі кезеңдегі жастар тентектікке, оғаш қылықтарға құмар келеді. Осындай жағдайларды билік тағына отыруды армандаушылар өз пайдасына шеше бастады.

Ойлана келе біз жастар тәрбиесі деген шаруаның дәрежесі мен пайдасы, ел тыныштығы мен ел байлығына қосар үлесі мұнай шығару атты шаруадан бір елі де кем емес деген тоқтамға келдік. Біз осы 20 жылда шеті жоқ қыруар шаруаны тындыра жүріп, елімізді әлемге танымал дәрежеге жеткізе алғанда, маңызы солардың барлығынан да кем емес жастар тәрбиесі деген жұмыста кемшілік жіберген секілдіміз.

Дәлірек айтсақ біз жастар деп оқушылар мен студенттерді көбірек қамтып, жұмысшы жастар туралы аз ойланған секілдіміз. Жастарға қалай болғанда да ұстаз керек екені белгілі еді..

Қазақта «ораза, намаз тоқтықта» дейтін мақал бар. Қарын тойды. Енді кедейдің байға жетемін дейтін шағы туған болар. Осындай кезде бір жат ойлы өзге ұлт өкілі бір әйел жастар ортасына алауыздықтың ұрығын себе алды. Ал жастар болса жауының соңына ерді. От басының ырысын, ел берекесін тәрк етуден тайынбады. Сонда олар не ойлайды екен? Неге жастарымыз бір жау әйелді ұстаз тұтуда? Кейбіреулері әлі күнге сол қылмыскер адам басына бостандық сұрауда... Біз осы жерден қайтадан өз ойымыз не дейді, соған жүгініп көрелік. Ойлап қарасақ бәрі ап-анық көзге елестейді.

Әлемдік үрдіске еріп, біз де демократия деген ұран тастаппыз, бірақ шексіз демократия болмайтынын елге түсіндірмеппіз. Тіл бостандығы деген ұран тастаппыз, бірақ «таяқ еттен өтерін, сөз сүйектен өтерін» ойламаппыз. Аталарымыздың «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» атты даналығын жастарға ұран ете алмаппыз. Жастарымыздың рухани күштерін өз отанының пайдасына жұмсау жағына қам жемеппіз. Осы кемшілікті жат пиғылдылар тамаша пайдалана алған. Газеттер, теледидар каналдары, ауызша үгіт жүргізушілер біздердің назарымыздан тыс қалған жастардың жанына жағарлық ой айта алған. Жалпы адам баласының бірінші естігенін ақиқатқа санайтын қасиеті басым болады. Біреуден екі-үш рет естіген сөзін енді өз ойым деп қабылдай береді.

Біз осыларды ойлай келе, кейбір жағдайларда, әсіресе жас жұмысшы жастардың санасы үшін күресте қарсыластарымыздан ұтылып қалғанымызды байқағандай боламыз. Өйткені біз жұмысшы жастар арасына барған жоқпыз, ағалық ақыл айтқан жоқпыз. Бірге жүрмедік, өмірді бірге қызықтамадық. Бірге білемедік. Өйткені ондай жұмыстармен айналысатын ұйым жоқ болатын.

«Жастар» аталатын мекемелердің екі-үш адамы ондай шаруаны тындыруы мүмкін де емес еді. Шынын айтқанда олардың жоғарыға өтірік ақпарат беруден қолы да босамайды. Ал қарсыластарымыз тәрбиеден бос қалған балаларға үгітін жүргізе алды, айтқанын тыңдата білді. Өйткені олар сол жастардың қасында болды, орталарында жүріп үгіт айтты, өз пікірлерін жастар санасына сіңістіре білді. Соның арқасында олар діни түсінікте де, экстремистік әрекеттерде де жастар арасынан жақтастар табуда.

Біраз кісілер мешітке азар барады. Өйткені олар сақалын сапситып, бұтын талтайып тұрған жаттұлғаларды көргісі келмейді.

Біздердің тағы бір қате түсінігіміз жастар дегенде біз көбіне студент жастарды айтамыз. Ал студент жастардың жұмысшы, немесе жұмыста жоқ жастардың оннан бірі ғана екенін естен шығарамыз. Олар арасындағы үгіт-насихат жұмыстар жоққа жуық.

Жұмысшы жастар тұрмысы туралы да көп ойлана бермейміз. Жастар отау тігіп жатады. Қатарынан қалғысы келмейді. Олар да машина мінгісі келеді. Өз алдына, түндігін ашып, ошағына от тұтатып қызықтағысы келеді. Содан барып қолдағысын банк атты жалмауызға кепілдікке беріп, бар еңбегін банк алпауыттарын асырауға сарп етеді.

Екі балалы болған жас шаңыраққа мемлекет тарапынан жеңілдіктер туғызылса, олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға да, адам санын көбейтуге де ықпал етер еді.

Мемлекеттің бес балалы анаға ойланбастан пенсия тағайындауға жағдайы жетеді деп ойлаймыз.



Жұмысшы жастардың тұрмысымен қоса рухани тіршілігі туралы да ойлану артық болмас еді. Көрнекті тұлғалармен кездесуге, партия жиындарына, күнделікті өтіп жататын саяси шараларға залдағы орындықты толтыру үшін ылғи кеңсе қызметкерлері мен студенттерді алып келеміз. Елге еңбек етуге тиіс алтын уақыттар желге ұшып жатады. Осындай кемшіліктер қырсығынан жұмысшы, немесе жұмыста жоқ жастар түгелімен қарсыластар ықпалында қалады. Олар әлемдік инвестиция, әлемдік интеграция заңдылықтары туралы жастар білімнің аздығын пайдаланып кей-кейде «Ойбай, орысқа беріп қойды, орыс кетсін! Ойбай, Қытайға беріп қойды, қытайлықтар кетсін!» секілді сөздерді жастар аузымен айттыруға тырысады.

Әлем халықтарының өркендеу құбылыстарынан хабары аздау жандар осындай арандатушылыққа сеніп те қалуы мүмкін. Осы жағдайлар туралы тағы да ойланып көрелік. Соңғы 300 жылға жуық тәуелді өмір кешкен жылдарымызда осы байлықтар үстінде отырып иініміз көйлекке жарымай, төсеуге кілем таппай, мінуге көлік таппай ғұмыр кешпеп пе едік. Немесе егемендіктің алғашқы он шақты жылын еске түсіріп көрелік. «Ала қалта» заманын әлі ешкім ұмыта қойған жоқ. Сол кезде шет жерлік инвестиция арқылы біз табанымыздың астында жатқан байлықты игере бастадық. Міне, енді солардың арқасында «ала қалта» заманы артта қалып, «алтын қалта» заманынан дәметерлік жағдайға жеттік. Қазір қарқынымыз жақсы. Әлі де болса игеріліп, ел мұратына іске қосуға тиісті талай байлықтарымыз бар. Бірақ барлық шаруаны ақша тындырады. Біз сол туралы ойлана бермейміз.

Бір мысал келтірелік. Қазақстанның егін аймақтарын жеке азаматтарымызға бөліп беріп еді. Дұрыс секілді боп көрінген. Бірақ өнімділігі зор техникаларды алуға қаражаты жоқ адамдар жерден өнім ала алмады. Қате түзетіліп, енді оларды біріккен ұйымдарға біріктіре бастап еді. Нәтиже соншалық, енді өндірілген астықтарды сақтайтын қойма таппай жатырмыз.

Мұнай өндіру мәселесі де сондай. Арандатушылардың айтақтағанына еріп, орыс кетсін деп одыраңдасақ, қытай кетсін деп қиыс тартсақ, мен мұнай өндіруші едім, маған бәрінен артық жағдай жаса деген түсінікке бет алсақ онда Пушкин ертегісіндегідей баяғы тесік қайық қасына қайта жайғасамыз.

Дұрыс саясат арқасында қазір Маңғыстауды бүкіл әлем болып көркейтіп жатыр. Ақылы бүтін кісі бұған қалай қарсы тұрады...

Тағы бір сұраққа жауап беруге тырысалық.

Саналы зердемен ойланып көрген кісі Ұлы Даламызда болып жатқан барлық құбылысқа өзін жауапты сезінер еді. Өйткені Қазақ Елінде болып жатқан бар жақсылықта да, жамандықта да бар қазақтың үлесі бар. Бар қазақтың еншісі бар. Өйткені осы қазақ даласын сақтап, бізге жеткізу үшін ата-бабасы атсалыспаған, ата-бабасының қаны төгілмеген бір де бір шаңырақ таппайсың.

Сондықтан да Қазақ Байтағында өскен әр түйір дәнде бүгінгі қазақ баласының үлесі бар. Сондықтан да бар қазақтың бүгінгі ошағына жылу беріп жатырған Қарағанды көмірінде, көже боп қарын тойғызып жатырған Сарыарқа астығында, бензин боп құйылып жатырған мұнайында бар қазақ еншісі бар.

«Әзір астың атасы, біткен істің қожасы» бола кетуге тырысу – надандық пен өзімшілдіктің қорытпасы. Маңғыстауды игеруге СССР-дың 200 ұлты түгел атсалысқан болатын. Маңғыстаулықтардың қазіргі мініп жүрген машинасында да, жеп жүрген нанында да олардың үлесі бар екенін сезіну қажет болар.

Міне, бұл күндері өтіп жатырған келеңсіз жағдайлар осындай тарихи жағдайлар мен адами қасиеттер туралы ой қозғамағаннан да туындап жатуы да мүмкін.

Еліміздің тәуелсіздігімен менің тілім де еркіндікке жетті. Мен қолыма қалам алдым, ел тәуелсіздігін жырладым. Жас ұрпақ тәрбиесіне қуанышты сезіммен атсалыстым, мүмкіншілігім жеткенше көмек көрсеттім. Сондықтан да осындай ойларды айтуға еркім бар.

Сол кезден, 1991 жылдан бастап тілім секілді қолым да азат болды. Мен қолыма қалақ алдым. Құрылысшы, шебер, сәулетші ретінде қолымнан келетін барлық істі елдің рухани жаңаруына жұмсадым.

Қолыма қалам мен қалақ ұстағалы сол асыл құралдарды мен әуелі өзім мен отбасымның қамы үшін деп, сосын жас ұрпақ пен қазақ халқы үшін деп пайдаландым.

Бүгін ел алдында айрықша мақтаныш тұтатыным мен сол асыл құралдарды арам байлық табу жолына жұмсамаппын. Дүнияға қызықпаппын.

Еліміз егемендік алып, Қазақстан байлығын бөліске салғанда менің еншіме бір қалам мен бір қалақ тиіпті.

Елу жасымда өлең жазып бастап, алғашқы өлеңдерімнің бір шумағында былайша сыр ашқан екенмін:

Байлығына қызықпадым,
Қолды кірге малдырар деп.
Билігіне қызықпадым,
Арды ортаға салдырар деп...

Жұрт жанталаса дүние таласына түскен кезде менің осы мағыналы шумақ жазуға парасатым жетіпті. Соны жазуға жас шағымда елімнен алған рухани тәрбием, азаматтық парасатым жетіпті.

Содан бері 20 жыл өтіпті. Жас жетпісте.

Еліміз еркін, ұлтымыз ұлық, азаматымыз ардақты!

Бізге уайым-қайғы шегуге себеп жоқ секілді еді...

Дегенмен «уайым ердің қорғаны» деген екен аталарымыз.

Бір уайым бар, ол – біздің барлығымыз жабыла жамандап жататын Кеңес өкіметінің бізге берген тәрбиесін, рухани күшін бұ заман жастарына, бұ заман қазақтарының болмысына қалай сіңіруге болады? Бір қорқыныш бар, ол – біз «болашақ ел иесі» деп атайтын жастар тәрбиесін қаншалықты қамтамасыз ете алдық? Біз олардың ұлттық рухына, азаматтық парасатына сенімді бола аламыз ба?

Бір күмән бар, ол – біз (аға ұрпақ пен билік басындағылар) жақында болып өткен жастар бейбастықтығына олар қаншалықты кінәлі болса, олардың алдында, ата-баба аруағының алдында біздердің (аға ұрпақ пен билік басындағылар) соншалықты күнәлі екенімізді сезінеміз бе? Өйткені оларды біз тәрбиеледік. Оларды біз өсірдік.

Нұрекең айтқандай: «Қайтеміз, болар іс болды. Бірақ олар да өзіміздің балалар ғой. Олар да қазақ баласы»...

«Өткен істің жақсысы үлгі, жаманы сабақ» қағидасы дәл осы жерде пайдаға асырар ақыл. Болған істен қорытынды шығару біздің міндетіміз. Ендігі жерде жастар тәрбиесі мәселесіндегі (мемлекеттің де, ата-ананың да) мойнындағы міндеттер заңмен қамтамасыз етілсе... Олардың жалпы қоғам болып атқарар қызметі жастарымызды Отан алдында кінәлі сезінбейтіндей дәрежеге жеткізе алса...

Сонда ғана сүйікті Отанымыз озық елдер санатына тек қана өндіріс өнімдерімен емес, адам бойындағы рухани байлығымен де жетер еді.

***"Егемен Қазақстан"***

# ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ ЕРДІҢ ҚОЛЫНДА...

**Қаңтар айының бел ортасында кәмелетке жеткен әрбір Қазақстан азаматы сайлау додасына түскен елдің бетке ұстар азаматтарына дауыстарын беріп, олардың ішінен билік пен қоғам арасындағы дәнекер болып табылатын депутаттарын таңдап алды. Біздің әңгімеміз сайлауда 80 пайыздан аса дауыс алып, облыстық Мәслихат депутатының мандатына ие болған «Қаламқасмұнайгаз» мұнайгазөндіру басқармасының бастығы Нұрпейіс Сәрсенбай туралы.**



Осындай мемлекеттік маңызы бар, жауапкершілігі, сірә, өз алдына, үлкен шаруаға тәуекел еткен облыс азаматтарының бірі – Нұрпейіс Мизамбайұлы Сәрсенбай. Бұл азаматтың есімін соңғы кезде әр жерден естіп қалып жүрміз. Көбінесе, шынын айту керек, аса бір ризалықпен айтылып жүргеніне куәміз. Азаматтың адами қасиеттерін даралайтын да, саралайтын да халық. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген, осы бір жас та болса ақыл-парасаты мол жігіттің өңіріміздің бірден-бір өндіріс көзі болып табылатын мұнай саласындағы білдей мекеме ұжымын шебер де ұтымды басқаруы шын мәнінде тамсандырады.

Жас та болса көпке бас бола білген, адалдығымен, азаматтығымен, табандылығымен, жанашырлығымен халқына жақын ел азаматы Нұрпейіс Мизамбайұлы Сәрсенбай туралы қысқаша айтатын болсақ, ол Маңғыстау ауданы Шебір аулында 1972 жылдың 14 мамырында дүниеге келген. 1989 жылы Тұщықұдық ауылындағы Сәттіғұл Жанғабылов атындағы орта мектепті бітіргесін Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетіне түсіп, оны 1994 жылы тау-кен инженері мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп шыққан.

Еңбек жолын Қаламқас кен орнындағы №1 мұнай-газ өндіру цехының мұнайгаз өндіру операторынан бастап, сол цехтың мұнайгаз өндіру шебері, инженер-технологы, №2 мұнайгаз өндіру цехы бастығының орынбасары, орталық инженерлік-технологиялық қызмет бастығының орынбасары, №1 мұнайгаз өндіру цехы бастығы қызметтерін атқарған. 2010 жылдың мамыр айынан бастап «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы. 2009 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Газетке мақала дайындайтын тілшінің ең басты әрекеті – жазатын адамымен кездесіп, одан мән-жайды толық анықтап алады. Нұрпейіс бұған үзілді-кесілді қарсы болды. «Өзім туралы қайтіп айтамын?!» деп бой бермеді. Амал жоқ, оны танып-білетін, оның өндірістік іс-әрекеттеріне, өмірдегі ұстанымдарына, қарамағындағы жұмыскерлерімен, ауыл-аймақпен қарым-қатынастарына куә әріптестерін, ауыл азаматтарын, құрбы-құрдастарын тауып, Нұрпейістің «жайын» солардан сұрауға тура келді. Қайбір адаммен кездесіп, осы бір жігіт туралы сұрағанымызда, олардың берген жауаптарынан адал сүт еміп, нағыз қазақи тәрбие алған азаматтың келбеті сомдала берді. Ұзақ жылдар ұстаздық қызметте болған, оқу-ағарту саласының ардагерлері Мизамбай Сәрсенбайұлы мен Тәжіхан Оспанова ұлдары Нұрпейістің бойына шариғат үкімдерімен тұтасып кеткен қазақи болмысты сіңіре білген ұлағатты, өнегелі ата-ана екенін білдік. Нұрпейіс Мизамбайұлы аузынан «Алласы» түспеген, құдайдың сүйікті пенделері – небір Пір-әулиелерге үлкен ықыласпен қызмет қылған, оларды дәріптеген қасиетті Маңғыстау жұртының төл перзенті екендігіне анық көзіміз жетті.

Бозбала шағынан ұйымдастырушылық қабілетімен, терең біліктілігімен ұстаздардың сеніміне ие болған, еңбекке араласқан сәтінен бастап жігерлі құлшынысымен аға буын мұнайшыларға үміт күттірген Нұрпейіс орда бұзар отызында еңбек майданының майталманы атанды, ұжым басқарды. Нұрпейістің бойындағы адал қасиеттер – бауырмалдық, еңбекқорлық, қамқорлық, кішіпейілділігі мен әдемі әдебі Тәжіхандай ананың ақ сүтімен дарыса, бірбеткейлігі, тиянақтылығы, білімділігі, парасаттылығы Мизамбайдай ұлағаты мол әкенің қанымен берілген.

Нұрпейістің алуан қырын имамның имандылыққа толы уағызы, құрдастың қалжыңы, ақсақалдың алғысы, тәлімгер ұстаздардың тебіренісі, ел азаматтарының арда ойлары, көмекке зәру жандардың ризашылығы арқылы аша түсейік, ағайын.

Таушық аулының имамы Нұриддин: ««Өлі жебемей, тірі байымайды» деген қағиданы Нұрпейіс Мизамбайұлы өмірлік ұстанымы етіп келеді. Бұл орайда Нұрпейістің қолдауымен Жыңғылды, Жармыш, Қызан елдері маңындағы қорымдар тазаланып, қоршалды. Имандылықтың ұйытқысы бола білген Нұрпейістей азамат бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге ауадай қажет. Әр түрлі ағымның шырғалаңына шырмалмай, иманды өмір сүру – әрбір пенденің парызы. Мен бұл орайда Нұрпейістің тарихи мұраларды қорғаудағы ісін көпке үлгі қылып айтар едім. Оған Алланың нұры жаусын!»

Әзілдің түр-түрі болады – сын әзіл болады, астарлап әзіл астына зіл жасыру болады. Нұрпейістің кластасы Борбас Балмұханов құрдасқа деген әзіл аралас әділ сөзін былайша жеткізді: «Жұрт Нұрпейісті бастық дейді, қатты дейді, жұмыс талап етеді дейді. Мен білетін Нұрпейіс мынандай: ауылға келсе, басында Мизекеңнің бөркі, екі қолда бір күрек – сол баяғы үй тірлігі, малдың қамы, тірліктің қамы. Ең бастысы – дос-жаранға пейілі ерекше, берекелі ақ дастарқаны жиналмайды».

Қазақылықтың нақ ортасында дүниеге келіп, содан тәлім ала білген Нұрпейіс үй тірлігіне қатысты немесе қызмет бабымен алыс сапарға шықсын – үлкен кісілердің, әкесінің, ауыл ақсақалдарының батасын алып кетіп бара жатқаны. Осындай өнегелі әке мен баланың арасындағы ерекше ықылас, ілтипатқа еріксіз қызығасың. Ата-анасын құрметтеген адам алысты да, жақынды да, үлкенді де, кішіні де сыйлай біледі. Оның осы бір қасиеттерін бағалаған, кезінде үлкен қызметте болған Қызан аулының тұрғыны, ауыл ақсақалы Аралбай аға осы ізгі қасиеттері үшін Нұрпейісті өзінің баласындай сыйлайды. Бірде баласындай ақыл айтады, бірде замандасындай сырласады: «Нұрпейіс – өз ұстанымы, көзқарасы, айқын мақсаты, арыстандай айбаты, жолбарыстай қайраты бар азамат. Азаматтығың аласармасын,

айналайын!».

2009 жылдың қысы қатты болды, қалың қар жауып, сіреместен бір айға жуық уақыт жатып алғанда, шаруадағы елдің қолындағы азғана малы өріске шыға алмай, ел қиналып қалды. Сол шақта қаладан қалың қалталылар келіп, оралған азық шөпті 2 есе бәсіне сұрағанда, оларға бермей, Тұщықұдық, Шебір, Қызан елді мекендерінің тұрғындарына өз бағасына бөліп берген де сол азық шөптің иесі Нұрпейіс болатын. Бұл жөнінде Тұщықұдық ауылының тұрғыны, зейнеткер Қыдырбай Қортабаев былай деп сыр шертті: «Балам Нұрпейіс 2009 жылдың қысында «бала-шағамның аузына ұсынып отырған ақтан айырылатын болдық-ау» деп қысылған кезде, сау болсын, көмек көрсетті. Бағымыз бар екен. Осындай азаматтар барда, ел ырысты ғой».

Тұщықұдық, Шебір, Ақшымырау, Қызан елді мекендері – төскейде малы түйіскен, қуаныш-қызығын бірге бөліскен, жақсы-жайсаңдарымен күнде көріскен көрші ауылдар. Ақшымырау аулының әкімі

Еркүлік Тілекбайұлына сөз кезегін берелік: «Мен Шебірге шындығында қызығамын. Бұл ауылда Нұрпейіс секілді ұйытқы ұйымдастырушы бастап, басқа іскер азаматтар қостап бірнеше игі шаралар атқарылды. Ұлы жеңістің 60 жылдығына орай ауыл ортасындағы баққа ескерткіш тақта орнатылды. Осы азаматтар бірігіп қор құрып, ауылдағы тоғыт пен бұрқақтар тазартылды.

Ауылдан түлеп ұшқан өнер адамдары – Сланов Серік, Төленбаев Құлыбек, Қосайқызы Эльмира, т.б. жинап, ауылға мерекелік бағдарлама ұсынып, қонағасы беріп, ауыл адамдарын бір сілкінтіп тастаған игі шараның басы- қасында Нұрпейіс жүрді. Спорт сарайының жобасын, төрт-түлікті асылдандырып, өсіріп, халықты табиғи өніммен қамтамасыз ету мақсатында «Бозашы Агро» компаниясының үлгісін ұсынған да Нұрпейіс бастаған ауыл жанашырлары болатын. «Өз жақсыңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дегендей, абыройымызды асырар азаматты сыйлау – біздің міндетіміз. Ағайынға үлгі ету – парызымыз».



Тарыққанға демеу жасап, жабыққанға медеу болып, қысылғанға қол ұшын беріп отырған азаматтар халықтан алғыстан өзге ешнәрсе алмайды.

Нұрпейіс – алғыс арқалап, аспаған, таспаған азамат. Бұл туралы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-ге мердігер ОТК компаниясының жұмысшысы

Мүдәсір Қалауұлы былай дейді: «Балам Мұрабек ауыр халде сырқаттанып, ем алуға үлкен қаражат қажет болып, ауылдың баласы, «Қаламқасмұнайгаз» басшысы Нұрпейіс Сәрсенбайдан көмек сұрадым. Сөзім жерде қалмады. Мекеме атынан қаражат аударылып, баламды Пәкістанға апарып емдеттім. Құдайға шүкір, бәрі оңынан оралды. Баламның сауығып кетуіне алдымен бір Алланың, екінші – көмек қолын созуға дайын Нұрпейістей жігіттердің жәрдемші болғаны анық. Нұрпейістей жігерлі жігіттердің қатары көбейсін. Еңбектері жемісті болсын». Бұл сөздерге көмекке зәру жалғызбасты ана Гүлсара Бекмағанбетова да қосылады: «Өмірдің қиындығынан шиеттей балалармен, мынадай алмағайып заманда баспанасыз қалу аналық жанымды күйзелтті. Сондай ауыр кезеңде «Қаламқасмұнайгаз» басшысы Нұрпейіс Сәрсенбай мен «Маңғыстаумұнайгаз» басшысы Мағауов Әсет мырзалар ұйымдаса отырып, баспана көтеріп берді. Жанұямыздың қуанышында шек жоқ. Ағаларының абыройлы ісін балаларыма үнемі үлгі етіп отырамын». Өзінің жүрекжарды алғысын екі бала тәрбиелеп отырған жалғызбасты ана Қаламқас Оралбаева да айтты: « Жұмыс іздеп Нұрпейіс Мизамбайұлына өтініш білдірдім. Жанұялық жағдайымды жіті тексерген басшы мені күтушілік қызметке ұсынды. Қазірде қызметім бар. Балаларым алаңсыз оқуда. «Жетім көрсең, жебей жүр» деген халық нақылын жерге тастамаған ел азаматына «басыңыз аман, ісіңіз оңды болсын» деймін».

Биік сатыға көтерілген өресі биік, шалғамы терең ер жігіттің жора- жолдасына сөз берейік. Шебірдің қызыл құмын жалаң аяқ бірге кешкен, асыққа таласып-шекіскен, алаңсыз балалық, мазасыз бозбала шақты бірге өткізген, арман қуып Алматыға бірге аттанған, мұнайдың қызығына бірге кіріп, шыжығын бірге бөліскен, содан да болар қай салада болмасын пікірлес жолдасы Сайын аулының тұрғыны Қыдырқожа Сақтапұлының сөздерін естігенде, Нұрпейіс туралы ой-пікіріміз нақтылана түсті: «Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмыла қызмет ет» деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, Нұрпейіс – елінің ұлы. Бұл – құр қызыл сөз емес. Бұл – хақ нәрсе. Балалық бал дәурен сәттердің тәттілігін, арман қуған, құлшынысқа толы албырт жастықты бірге өткіздік. Жұмысқа бірге кіріп, еңбек етіп келеміз. Пікіріміз үндесіп, жанұяларымыз туыстай араласып келе жатыр. Мен алдымен жолдасымның әділдігі мен адалдығын айтар едім. Бұл екі қасиет жүрген жерде ризашылық та, алғыс та, береке мен бірлік те жүреді. Ол ұжымда да, жанұяда да, достардың арасында да осы қасиеттерін ту қылып көтеріп келеді. Ер азаматтың ел азаматы болып қалыптасуына шаужайына жармаспай, мерейін көтеріп, ата-енесінің айтқанын екі етпей көңілін көтерген ибалы келін, құрдасымыз Ғазизаның да үлесі көп».

Ұжымын жұмыла қызмет істеуге үйреткен, Маңғыстау мұнайының қыр-сырын толықтай меңгерген Нұрпейіс – майталман мұнайшы. Осындай сан қырдың иесі, отызында орда бұзып, қырқында қамал алуға қадам басқан, басшымын деп қалаға қашпай, ауылда тұрып-ақ ел игілігі жолында аянбай қызмет етіп жүрген Нұрпейістен бүгінгі жастар үлгі алар ма екен? Ендеше сөз кезегін ұштағандық жас өрен 11-сынып оқушысы Жекебек Исаевқа берелік: «Мен сенемін жастарға, Алаш атын аспанға, Шығарар олар бір таңда, Мен жастарға сенемін, – деп Мағжан ақын жастарға үміт артқанындай, расында да, біздің ел жастар арқылы көркейеді, гүлденеді. Ел мәртебесін көтерер жігерлі жастардың темірқазық етіп ұстанатын аға буын тұлғалар болуы керек. Соларға олар еліктейді, жақсылығын жанына жанайды, сол арқылы өзінің өмірге деген өз ұстанымын қалыптастырады. Мен де өз темірқазығымды тапқандаймын. Ол кезінде мектебінің мақтанышы болған, бүгінде аулының абыройы атанған, мұнай саласының қыр-сырын толықтай меңгерген, алдына барған өтініш-арызды аяқсыз қалдырмаған, халық абыройына бөленген ел ағасы Нұрпейіс аға Мизамбайұлы. Менің де болашақта тәуелсіз елімнің абыройын асырар ұланы болғым келеді. Көгінде самғар қыраны болғым келеді. Жастарға жол сілтер, оң бағыт көрсетер Нұрпейіс ағадай азаматтар көп болса, елдің ертеңі де жарқын болады деп мен бүгінгі жастардың атынан сенімді түрде айта аламын. Нұрпейіс аға, тазалықтың, адалдықтың жаршысы болып жүре беріңіз!».

Иә, жүрегі бір жолдастар мен тілегі бір тілеулестердің лебіз-пікірі бізге қыры сегіз, сыры біреу азамат жігітті сомдап берді. Қырларын жоғарыда атап кеттік, ал сыры – халқына, еліне адал қалтқысыз қызмет ету. Халықтың, қоғамның мақсат-мұраттарын, көкейтесті мәселелелерін билік алдында қоя алатын азаматты танып біліп, оған сенім арту – елге сын болғаны рас. Енді сол елдің үмітін ақтау – Нұрпейіске сын. Іске сәт, Нұрпейіс!

**Гүлшат САҒАТОВА,**
**Тойған ТАСҚЫНБАЕВА**

Өндіріс тынысы

# ТАЛАПТЫҒА ТАБЫС КӨП

**Ежелгі Маңғыстаудың соңғы жарты ғасырлық тарихы, оның экономикасы мен мәдениетінің өркендеп өсуі мұнай өндірісімен тығыз байланысты. Маңғыстау мұнай эпопеясы Жетібай және Өзен сияқты ірі кенорындардың игерілуімен басталды. 50 жылдан астам уақыт бұрын атылған қара алтын бұрқағы ағын өзенге ұласып, халықтың несібесіне айналды.**



«Жетібаймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы №1МГӨК бастығының геология жөніндегі орынбасары Нұрболат Бимағанбет – 1980 жылы Жетібай -кентінде қарапайым отбасында дүниеге келген Маңғыстаудың төл перзенті. Ата-бабасы осы қазіргі Жетібай кенорнының орнындағы жайылымдарды мекен еткен байырғы маңғыстаулықтар. Нұрболат – төрт ер балалы отбасының тұңғышы екен. Әке-шешесі әлі де Ескі Жетібай кентінде тұрады. Әкесі Бақтығали қазір «Мұнайтелекомда» жүргізуші болып жасайды. Туғанынан мұнайдың иісін иіскеп өскен Нұрболат мектепті бітіргесін өзінің болашақ өмірін де сол мұнаймен байланыстыруды жөн көрді. Сөйтіп 1997 жылы Ақтаудағы Шахмардан Есенов атындағы университеттің мұнай геологиясы факультетіне оқуға түсіп, оны 2002 жылы бітіреді.

Нұрболаттың еңбек жолы «Жетібаймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасынан басталды.

– Ең алғашқы жұмысқа кіріскен орным – бұл 8-топтық қондырғы, аға оператор, тәжірибелі мұнайшы Баязи Қарамурзиевтің қол астында жасадым. Сол жерде мен 2003 жылдың 21 сәуірінен 15 қыркүйегіне дейін болдым; одан кейін №1МГӨК-ке геолог болып ауыстым. Онда 1 жылдай істеп, 2004 жылы қабат қысымын ұстау цехына 2-санаттағы геолог болып ауыстым. Осы жерде 3 жылдай істедім, – деп Нұрболат еңбек жолын есіне түсірді.

Жас маманның аяғына тұрып, нық қадамдар жасауына аға буын әріптестері аянған жоқ. Нұрболатқа білетіндерінің бәрін үйретті. Жоғары оқу орнында теориялық білім алу – бір бөлек те, өндірісте сол білімінді пайдаға асыра білу – бұл бөлек нәрсе. Сол үшін де Нұрболаттың өндірістегі тәлім-тәрбие берген аға-апаларына айтар алғыстары шексіз:

– Өндірістегі басты нәрсе – бұл тәжірибе. Тәжірибе жинақтаған маман өзін еркін сезінеді, өйткені өндірістің ыстығына күйіп, суығына тоңған адам ғана жұмысының қыр-сырын біледі және қызметін тиянақты жасай алады. Жас маманға қиын соғатыны да сол өндірістік тәжірибенің жоқтығы. Бұрын естімеген, көрмеген, оқыс жағдайларда не істерінді білмей қаласың. Осындай кезде аға буын өкілдердің көмегі, саған ниеттес, тілеулес адамның қасыңда болуы керек-ақ. Мен жаны таза, ниеті түзу адамдармен бірге жұмыс жасап, олардың ағалық көмегін көріп өстім. Осыған ризамын. Бақытжан Жаңабаев, Сәттіғұл Бітімов, Болатбай Матаев, Қуаныш Өскінбаев, Әсима Қисметова сияқты әріптестерімнің көп көмегін көрдім, оларға алғысым шексіз, – деп Нұрболат өндірістік өмірінен ой бөлісті.

2006 жылдың 16 желтоқсанында Нұрболат басқарманың геология бөліміне инженер-геолог болып ауысады. Онда бір жыл сегіз ай жасап, қайтадан өндіріске келеді. Өзі істеген -1МГӨК-ке бастықтың геология жөніндегі орынбасары қызметіне кіріседі. Бұл кәсіпшіліктің ерекшелігі – «ЖМГ»-ға қарасты 14 кенорын болса, оның 10-ы осы кәсіпшілікке қарайды. Ең ауыр, ең үлкен кәсіпшілік. Соған қарамастан 2011 жылғы өндірістік жоспарды артығымен орындап шықты. Бірінші кәсіпшіліктің еншісіне 664 мың 840 тонна мұнай өндіру тисе, оны олар 670 мың 315 тонна қылып жапты. Яғни басқарманың артығымен орындаған 11 мың тоннасының 5475 тоннасын бірінші кәсіпшілік берді. Бұл бүгінгі таңда 152 адам қызмет ететін кәсіпшілік үшін зор табыс болды. Әрине, бұл жетістіктің ішінде геологтардың қызметінің де орасан мәні бар екендігі анық.

Нұрболаттың басқармада өткізіліп жатқан көптеген технологиялық әдістердің өткізілуіне қатысуы оның өндірістік тәжірибе жинақтауына көп пайдасын тигізді. 2010 жылы «1 триаст» ұңғысына тұз қышқылын айдауға атсалысып, сөйтіп қосымша өнім алуға өзінің үлесін қосты. Бұл әдістің мәнісі – бітеліп қалған қабаттарды тұзбен еритіп, мұнай алу. Сондай-ақ «13 Аққар» ұңғысына тұз қышқылын ГРП арқылы атқылауға қатысты.

Жас маман, геолог Нұрболат Бимағанбеттің еңбек жолы сегіз-ақ жылды құрайды. Талапты, табанды, жұмысына ықыласты, әріптестерімен жақсы мәміледегі жастың өндірістік болашағына зор үміт арта отырып, оған табыстан табысқа жете бер деп тілейміз.

# ТАЛАБЫҢ ТАСИ БЕРСІН, АБАЙ!



Өндіріс – жоғары білімді мамандардың нағыз шыңдалып, өсетін орны. Байқасаңыз, көбіне көп өндірістің ыстығына күйіп, суығына тоңған адам ғана үлкен бір мұнай ұжымдарын басқара алады. Өйткені шыжыған ыстықта да, қақаған суықта да қарамағындағы адамдармен бірге болып, соларды ортақ іске жұмылдырып, білдей еңбек ұжымдарының ауызбіршілігі мен береке-тірлігін қамтамасыз ету – оңай шаруа емес. Бұл шаруа тек нағыз «қара нарлардың» ғана қолынан келетін іс. Мысалға, Нұрлыхан Бекбосынов, Ләззат Қиынов, Сағын Қырымқұлов, Өрен Сағындықов, Нұрпейіс Сәрсенбай, т.б. ел азаматтарының өсу жолдарын саралайықшы. Бұлардың бәрі де сол еңбек жолдарын алғаш өндірістен бастаған. Еңбек тәжірибесінің көп жылдары қайнаған еңбек ортасында, кенорындарда өткен екен.

Алматыдағы Қаныш Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің түлегі Абай Таласбаевтың кенорында жұмыс жасағанына 5-6 жылдың жүзі болды. Қазір «Жетібаймұнайгазда» 3-дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы. Жоғары оқу орнында алған білімін іс-тәжірибесінде тиімді пайдаланып жүрген замандасымыз.

– Университет бітіргеннен кейін бірден осы Жетібай кенорнынан жұмыс жасап бастадым. Осы жылдарда көптеген топтық қондырғыларда істедім, олар – ТҚ-8, ТҚ-19, ТҚ-13, ТҚ-23, ТҚ-25, Оймашада, Аққарда, Ашығарда жасадым. ЦИТС-та пульт операторы болдым. Еңбек жолымды өндірістен бастағаныма өкінбеймін. Көзбен көріп, қолмен жасаған – ол теориялық білімнен де жоғары тұра ма деймін, – дейді Абай.

Абай өз мекемесіндегі оң өзгерістердің бәріне де шынайы қуанатынын білдіріп, мысалға, топтық қондырғыларды жаңартып, ондағы операторлар отыратын будкаларды жөндеуден өткізгенін, олардың жұмыс орнындағы жағдайын жасартуға көп көңіл бөлініп жатқанын, жуынатын душ, ыстық су жүргізіліп, будкалардың төбелері жөнделгенін айтты. Сондай-ақ бірталай сораптар ауыстырылғанын да білдік.

Абай – Маңғыстау перзенті. Ақтаудағы 23-ші орта мектепті бітірген. Әкесі Арыстанбек –тарих пәнінің мұғалімі болса, шешесі Нәзира ОСК ЖШС-інде диспетчер болып қызмет жасайды екен. Абай бұл төрт ер балалы отбасының тұңғышы. Өзінен кейінгі інілері де мектеп бітіріп, есейіп, қазір бәрі де жұмыс жасап, ата-анасына қолқабыс беруде. Абайдан кейінгі Абылай «Халибертен» компаниясында ерітінді инженері болса, Берік – ОТК ЖШС-інде инженер, ал кенжелері Серік қалалық әкімшілікте қызмет етеді.

Әке-шешенің бақыты – балаларының бұл өмірден өз орындарын табуы ғой. Отау құрып, бала-шағасын асырап, үлгілі отбасы болып кетіп жатса – ата-анада не арман бар? Абай 2006 жылы Фатима Жанұзақова деген замандасымен көңлі жарасып, үйленіп, үй болып, қазір екі баланың – Айдана (2007) мен Ақсұлтанның (2010) әкесі. Фатима Каскор СМУ-де экономист.

– Еліміздің қазіргі экономикалық-әлеуметтік жағдайы қандай деген сұраққа жауапты кез-келген отбасынан табуға болады. Мысалға, мен жас маманмын. Оқу бітіріп, отбасы құрғаныма 5-6 жылдың жүзі болды. Былтыр 2 бөлмелі үй сатып алып, сол үйге кірдік. Қызым қазір бюджеттік бала-бақшаға барады, айына біздің төлейтініміз – бар-болғаны 7800 теңге. Жеңіл машинам бар. Жеке бір адамның, отбасының жағдайы – бұл еліміздің қол жеткізген жетістіктерінің бір көрінісі. Соның бір бөлшегі. Сондықтан да, мен ойлаймын, барға қанағат қылып, бірақ болашаққа ұмтылып, үмітті үзбеген дұрыс қой деп ,– деп Абай бізбен сыр бөлісті. – Мекемеміз де өз қызметкерлерінің бос уақытын тиімді пайдалануына көп жағдай жасап отыр. «Ақтау» сауда-көңіл көтеру орталығындағы жүзу бассейніне, фитнес залына барып тұрамыз.

Әлбетте, қолда барымызды қадірлеп, жеткен жетістіктерімізді бағалай білсек, ел ағаларын сыйлап, ал олар да өз қарамағындағы қызметкерлерімен санасып, олардың талап-тілектерін ескере жүрсе – нұр үстіне нұр болары даусыз. Еңбек ұжымдарының мықтылығы – біріншіден басшыға, одан кейін оны қостай білетін қызметкерлерге де байланысты. Бір сөзбен айтқанда, басшыға да сын, қосшыға да сын.

Абай қазіргі тұрмыс-тіршілігіне шүкір етеді:

– Бірінші, бәрі Алладан ғой. Сосын маған тәрбие беріп, өмірге жол сілтеген әке-шешеме, одан кейін мемлекетіме разымын, алғысым шексіз. Бізде осылардың үмітін ақтасақ деген ой ғана. Мен ойлаймын, бәріне бірден қол жеткізем деген – жаңсақ пікір. Сондықтан қанағатшүкірден айрылып қалмайық, сонда бәрі де рет-ретімен, бұйрығымен келе береді, – дейді Абай.

Талабың таси берсін, Абай!

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

Үрбісінов Ықылас Таңбайұлы, 5 ақпан – Қаламқас кенорны, сақшы
Таңатаров Сүймен, 10 ақпан – механикалық цех, тегістеуші станоктар жөндеушісі
Кубраков Олег Борисович, 13 ақпан – мұнай және газ өндіру операторы
Боранов Ерсайын Қуанбекұлы, 28 ақпан – мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын сервистік қамту қызметі «ЖМГ» ӨБ БТСС жөндеуші-слесарь

## 55 жас

Телжанова Алтынай, 12 ақпан – ӘДжӘМД, мед-санитарлық бөлім, дәрігер-терапевт

## 50 жас

Ізбасов Асылгерей Сәдуақасұлы, 1 ақпан – ҚҚҰЦ, ҚҚҰ операторы
Сағиева Оразкүл Көздібайқызы, 5 ақпан – САжМТЖД, қоймашы
Кириленко Виктор Федорович, 12 ақпан – Автоматтандыру, АТ және байланыс департаменті, 1-категориялы инженер-электроншы
Есқалиев Айболат Қожасұлы, 13 ақпан - ӘДжӘМД, мед-санитарлық бөлім, дәрігер-психиатр
Мавлютов Рамис Мударисович, 13 ақпан – САжМТЖД, жылу жүйелерін күтіп ұстау бойынша 4-разрядты слесарь
Ізмұханов Дүйсенбай Әжімбайұлы, 13 ақпан – ПКЖПЦ, слесарь-жөндеуші
Төлегенова Сәуле Сатыбалдықызы, 15 ақпан – МжМӨД, май құю стансасының 3-разрядты операторы
Жандаева Жанбибі Есболайқызы, 17 ақпан – ӘДжӘМД, 1-разрядты көгалдандырушы
Қонарбаев Жайық, 18 ақпан – МГӨЦ-2, электргаз дәнекерлеуші
Исаев Жангелдин Рауашұлы, 19 ақпан – МГӨЦ-3, мұнай және газ өндіру операторы
Немышов Нұрғали Арунұлы, 24 ақпан – САжМТЖД, жылу жүйелерін күтіп ұстау бойынша 5-разрядты слесарь
Еспанова Шара, 25 ақпан – тұрғын үй және пайдалану цехы, үй күтушісі
Дуинбаев Садақ, 28 ақпан – ПКЖПЦ, слесарь-жөндеуші

# БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

| | |
|---|---|
| Средства почтового обращения | – Пошта айналымының құралдары |
| Печати и их оттиски | – Мөрлер және олардың мөртаңбалары |
| Фотодокументы | – Фотоқұжаттар |
| Рисунки, гравюры и акварели | – Суреттер, өрнектер және акварельдер |
| Крупноформатные документы | – Кең көлемді құжаттар |
| Склеенные листы, повреждения документов | – Құжаттар, фотосуреттер жапсырылған парақтар |
| Брошюры и другие печатные издания | – Брошюралар мен өзге де баспа басылымдары |
| Листовки | – Үнпарақтар |
| Вырезки из газет | – Газет қиындылары |
| Открыткалар | – Ашықхаттар |
| Марки почтовые | – Пошта маркалары |
| Марки гербовые | – Елтаңбалы маркалар |
| Штемпели почтовые и другие | – Пошталық мөрқалыптар және т.б. |
| Специальные почтовые отметки | – Арнайы пошта белгілері |
| Сургучные, мастичные печати | – Сүргішті, мастикалық мөрлер |
| Карты, планы, чертежи | – Карталар, жоспарлар, сызбалар |
| Научно-техническая документация | – Ғылыми-техникалық құжаттамалар |
| Рисунки, гравюры, акварели | – Суреттер, өрнек-бедерлер, акварельдер |
| Автографы видных деятелей | – Белгілі қайраткерлердің қолтаңбалары |
| Склеенные листы | – Желімделген парақтар |
| Утрата части листов | – Парақтар бөлігінің жоғалуы |
| Угасающий текст | – Өшіп бара жатқан мәтін |
| Рекламные письма | – Жарнамалық хаттар |
| Поздравительные письма и телеграммы | – Құттықтау хаттар мен жеделхаттар |
| Приглашения | – Шақыру қағаздары |
| Печатные издания | – Баспа басылымдары |
| Пакеты с отметкой «Лично» | – Жеке өзіне» белгісі бар пакеттер |
| Информационные документы | – Ақпараттық құжаттар |

# БАЛАЛАРҒА ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ БАЗАРЛЫҚ



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қауіпсіздік қызметі бірнеше жыл қатарынан Жаңа жыл мерекесі алдында облыстық сәбилер үйіне барып, оларға базарлық үлестіруді әдетке айналдырған. «Жетім көрсең жебей жүр» деген қағидаға сүйеніп, қарамағында 500-ден аса адамы бар қызметтің 3 өкілі бұл жолы да қалыптасқан дәстүр бойынша сәбилерді құттықтап, оларға сыйлықтарын тапсырды.

Қауіпсіздік қызметінің ауысым аға сақшысы Бауыржан Қожақовтың айтуы бойынша балаларға ең қажет деген нәрселер – киім-кешек, памперстер, сондай-ақ ойыншықтар жеткізілді.



– Ұжым мүшелерімен ақылдаса отырып, жыл сайын облыстық сәбилер үйіне шамамыз келгенше осылай көмегімізді көрсетіп, балалардың көңілін көтеріп тұруды ұйғардық. Статистикалық мәлімет бойынша, қоғамның жағдайы көтерілген сайын, ондағы тастанды балалар мен қараусыз қалған шал-кемпірлердің саны өсе түседі екен... Тірі әке-шешенің мейірімін, бауырын көрмеген қаракөз бауырларымыздың көздері жәудіреп, мемлекет қамқорлығында өсіп жатыр. Бұл – елге, халайыққа, бәрімізге, біздер мен сіздерге сын, – дейді Бауыржан.

Баланың аты бала. Үлкендерден жылы қабақ, жылы сөз, «маңдайымнан сыйпар ма екен» деп күтеді... Қайран сәби, бауырынан шыққан баласын ұмытқан әке-шешесінің тайраң салып жүргенін сезбейді де ғой...

Бұл жолы Бауыржанға ілесіп қауіпсіздік қызметінен Алексей Кузнецов пен Марс Серіков те келе қалды. Үшеулеп балаларға алған базарлықтарын үлестіріп, сәбилердің алғыстарын алды.

**Тойған ТАСҚЫНБАЕВА**




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-280

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терiлiп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 736